Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.10-15.40		***Жаттығу кешені*** *№4.Майтабанның алдын алу. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.*	***Жаттығу кешені*** *№5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.*	***Жаттығу кешені*** *№6.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз*	***Жаттығу кешені*** *№4.Майтабанның алдын алу.* *Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру*
	ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Бесін ас15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.30		***Картотека №3*** ***«Төлдерін тап та, көрсет»*** *Мақсаты: Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу*	***Картотека №9*** ***«Қай жануар артық»*** *Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.*	***Картотека №11*** ***«Кімге не керек»*** *Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету*	***Картотека № 12*** ***«Телефон»*** *Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.*
	ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу.*				
Серуен 16.50-17.40		***Серуен № 11*** *Бақылау. Құстарды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 15*** *Бақылау. Аспанды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 13*** *Бақылау. Ауа- райын бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 12*** *Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
Балалардың үйге		*Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала*	*.Ата-аналарға балалардың жеке бас*	*Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы*	*Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп*

қайтуы 17.40-18.30		*тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.*	*гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*	*жөнінде әңгімелесу.*	*әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*

ЦИКЛОГРАММА

III апта. Наурыз айы 2021ж.




Ересек «Балауса» тобы


Өтпелі тақырып .«Салттар мен фольклор»

Тақырыпша. «Өнер көзі-халықта»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 15.03***	***Сейсенбі 16.03***	***Сәрсенбі 17.03***	***Бейсенбі 18.03***	***Жұма 19.03***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)8.00-8.25	***Картотека №15*** ***«Суретші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.*	***Картотека №17*** ***«Әдемі гүл»*** ***Мақсаты:*** *Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту*	***Картотека № 18*** ***«Өз мекеніне орналастыр»*** ***Мақсаты:*** *Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. Балалардың ойлау қабылетін дамыту*	***Картотека № 4*** ***«Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.*	***Картотека №7*** ***«Мамандықтың бәрі жақсы»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.*
	ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)				
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Наурыз айының 3–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау* ***Тақпақ*** *Көркемдеген жер-көкті,* *Көктем қандай тамаша!*				
	Жерге әкеліп төсепті *Алуан гүлді алаша.*				
Мектепке дейінгі ұй-	***1. Сөйлеуді дамыту***	***1. Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Наурыз*	***1Математика негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *«Ұзындық.*	***1.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:***	***1. Музыка*** *Педагог жоспары*

ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері	***Тақырыбы:****Өнер көзі халықта* ***Мақсаты:*** *Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыра отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұтуға тәрбиелеуҰлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, оны құрметтеуге баулу.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері.*** *Арайлап таң атты,* *Алтын сәуле тараттты.* *Жадырайды жүздерің* *Жарқырайды тобымыз* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Білмеспек келеді.*** *Мен барлық балалар сияқты өнерлі болғым келеді. Наурызда ұлттық аспаптырмен өлең айтқым келеді.Мен ұлттық аспаптарды білмеймін.* *-Сол үшін достарымнан көмек сұрай келдім.* *Балалар көмектесеміз ба?* ***АКТ технологиясы*** ***Слайд.*** *Ұлттық аспаптар.*  ***Домбыра, қобыз, жетігенмен таныстыру.*** *домбыраның құрылысын көрсету арқылы түсіндіру.*	*тойы» өлеңі Т.Молдағалиев* ***Мақсаты:****Сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, өлеңнің ұйқасын, халықтық тақпақтардың ырғағын, қуанышты, сүйсінуді бере білу дағдыларын қалыптастыру.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Сұрақ жауап*** *Қазір жылдың қай мезгілі?* *Көктем мезгілі неше ай бар?* *Көктемде қандай өзгерістер болады?* *Наурызда қандай мерекені тойлаймыз?* ***Өлең оқу.*** ***Наурыз тойы.*** *Күн менен түн теңелді,* *Жер шуаққа кенелді,* *Соны тойлар ел енді.* *Наурыз тойы -салтымыз,* *Көгерсін деп халқымыз* *Көшеге тал егеді.* *Жарқырап тұр күніміз,* *Жайқалсын жас гүліміз,* *Бақта бұлбұл сайрасын.* *Сәнді көктем нұрымен,* ***Ой қозғау.*** *Өлең шұмағы нені білдіреді?* *Не туралы айтылған?* *Наурыз мерекесіндегі ең басты тағамды білесіңдер ме,балалар!* *-Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?* ***Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру.***	*Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығына қарай салыстыру».* ***Мақсаты:****Ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру; заттардың ұзындығын бір-біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді үйрету; балалардың кеңістік қиялы мен сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; сұраққа толық, дұрыс жауап беруге үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбер.*** *«Кел, күлейік»* *Кел, балалар, күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Күлкі көңіл ашады,* *Күліп өмір сүрейік!* *- Қазір жылдың қай мезгілі?* *- Сендер қалай білдіңдер?* *- Көктемнің бірінші айы қалай аталады?* ***Жаңа тақырып.«Шартты өлшеуіш көмегімен ұзындықты өлшеу»*** *«Құпия дорба» ойыны.* *Дорбаның ішіне ұзындық , масса, өлшейтін заттарды салу. Түсінік беру.*  ***Сызғыш– заттардың ұзындығын өлшейтін құрал.*** *Таразы- дененің массасын анықтайтын құрал.* *Тәжірибе жасап көрсету.* *- Балалар кілем үстінде*	*Су тірішілік көзі* ***Мақсаты:*** *Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Шаттық шеңбері:*** *Самал жел бізді желдетші,* *Күн нұры бізді жарқырат.* *Таза ауа дем берші,* *Мөлдір су бізді салқындат.* ***2.Ой қозғау****. Балалар, «су» деген сөзді естігенде кезде көз алдарына ең алдымен не елестейді?* *-Су бізге не үшін қажет?* *-Суды адамдар не үшін пайдаланады?* *-Жануарлар мен өсімдіктерге не үшін қажет?* ***3.Су жайлы видео ролик қараймыз*** *Балалар ал сендер білесіңдер ме су қайдан, қалай пайда болатынын? (балалардың жауаптары тыңдалады)* *Дұрыс айтасыңдар. Ендеше мен сендерге толығырақ түсіндіре кетейін.* *Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбырмен жерге түседі, арық болып ағып, өзенді құрайды, ал содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып, қайта оралады. Жаңбырдан аққан кішкентай сулар бірігіп,*	*бойынша* ***2.Мүсіндеу*** ***Тақырыбы:*** *«Әжемнің сандығы»* ***Мақсаты:*** *мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Есілген ермексазбен әшекей бұйымдарын жасату* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбері:*** *Арайлап таң атты,* *Алтын сауле тараттты.* *Сәлеметсің бе, жер ана,* *Сәлеметсің бе, көк аспан.* *Сәлеметсіздер ме, балалар.* ***Балалармен әңгімелесу.*** *Өте мейірімді, ақ шашты, бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды,ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Дәмді тағам, тәтті бауырсақ пісіреді. Ол кім? Балалардың жауаптары.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *-Балалар, бүгін біз әженің үйіне қонаққа барамыз.* *Бізді ұзақ жол күтіп тұр, тез жету үшін жұмбақ шешейік.* ***Жұмбақ шешу***

	 *- Домбыраның құрылысы көптеген бөліктерден тұрады.Мынау домбыраның басы, құлағы, мойыны, пернелері, домбыраның беті, шанағы, тиегі, ішегі, дөңгелек дыбыс ойығы деп аталады* ***Сергіту сәті:*** *Кәне балалар тұрайық аспапқа қол созайық,* *Қобызды да ойнайық* *Домбыраны да тартайық* *Сыбызғыны сызылтып,* *Билеп-билеп алайық.* ***Қобызбен таныстыру.***  ***Жетігенмен таныстыру.***  ***Дидактикалық ойын: «Қай аспаптың үні?»*** *Ойын ережесі: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар естіген әуен қай аспап үні екенін ажыратып сол аспаптыңсуретін*	***Ойын.*** *«Тақия тастамақ»* ***Бата жаттау.:*** *Уа, құдайым, оңдасын,* *Еш жамандық болмасын.* *Ұлыс оң болсын!* *Ақ мол болсын!* *Қыдыр баба қолдасын,Аман сақтап мал басын,* *Еккен егін солмасын.* ***Қорытынды.*** *Қандай мереке туралы білдік?* *Балалар не туралы айтық?* *Балаларды мадақтау.* **2. Сурет салу** ***Тақырыбы:*** *« Алтын балық»* ***Мақсаты:*** *Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет салуды жетілдіру* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***«Мұхит дыбысы» үнтаспадан тыңдату.*** *Балалалр қызығушылықпен тыңдайды және ненің дыбысы екенін айтады.* *Миға шабул.* *Жұмбақ жасыру.Сусыз өмір сүре алмайды,* *Аяғы жоқ, жүре алмайды. Балық* ***Ой қозғау.***	*жарты шеңбер болып отырады. Қолдан жасаған ұшақтарын ұшыру.* *Қәне кімнің ұшағы алысқа ұшады-деп ұшақтарын әр жаққа жіберді.* *- Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты?* *- Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз?* ***Бірінші тәсіл:*** *адым арқылы өлшеу.* *Тәрбиеші әр аттаған сайын бір дөңгелек қояды.* ***Екінші тәсіл****: ара қашықтықты сызғышпен өлшеу.* *- Біз қай ұшақтың алысқа ұшқанын анықтау үшін қандай шартты өлшеуіштерді қолдандық?* ***Сергіту сәті.*** *Жаттығуды жасаймыз!* *Бір дегенде-тік тұрамыз,* *Екі дегенде- екі рет айналамыз.* *Үш дегенде -үш рет секіреміз,* *Төрт дегенде- отырамыз.* ***Заттарды салыстыру: ұзын – қысқа***  ***Заттарды ең қысқасынан ең*** *ұзынына қарай сызып қос. Ең ұзын заттарды боя.*	*жылғалар болып, үлкен теңіз құрайды.* ***Табиғаттағы судың айналымы туралы сызба-нұсқасы***  *3.Ал, енді сендермен бірігіп бірнеше тәжірибелер жүргізіп көрейік.* ***І Тәжірибе «Су — мөлдір»*** ● *Балалардың алдына екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін, қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Суы бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. Яғни, «Су – мөлдір, сүт мөлдір емес».* ● *Балаларға бояу беріп, судыңда түсін өзгертуге болатынын да тәжірибе жүзінде біледі.*  ***ІІ Тәжірибе «Суда дәм жоқ»*** *Балалар түтікше арқылы су ішіп көреді. Онда дәм бар ма? Оларға салыстыру үшін шырынның дәмін көрулерін*	*1.Таңмен көзін ашады,* *Әлемге нұрын шашады.* *2.Аспаннан домалап,* *Көк моншақ төгілді.* *3. Қанаты жоқ-ұшады,* *Аяғы жоқ- қашады.* ***Әженің үйіне келу.*** *Әжемізбен амандасайық* *-Балалар әженің үйінде қандай бағалы бұйымдар көп екен.Әже, осы бағалы бұйымдарыңызбен таныстырасызба?* *Әже бағалы бұйымдарымен таныстырады.* *-Әже осының ішінде әдемі болып көрініп тұрғаны сандық. Осы сандықты қайдан алғаныңызды, қалай жасалғанын айтып беріңізші.* ***Әже.****Сендерге менің сандығым ұнап қалса, өздеріңе де дәл сондай ,сандық жасауға көмектесемін.* ***Сандықтың жасалу жолдары көрсетіледі.*** *Ермексазды жұмсартып, төртбұрышты пішінге келтіреміз, бұрыштарын қырлаймыз.* *Өзімізге таныс шымшу әдісі арқылы сандықтың аяғын шығарамыз.* *Сандықтың сыртын әртүрлі геометриялық пішіндермен өрнектейміз.* ***Сергіту сәті:***

	көтереді) ***Қорытынды.*** *Білмеспек ұлттық аспаптарымен танысқанына қуанып рахмет айтып қоштасады.* *Балаларды мадақтау.* ***2Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***3.Дене шынықтыру.*** ***Тақырыбы.*** *Тура жолмен тепе-теңдікті сақтап жүру* ***Мақсаты.*** *Сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын қалыптастыру.Тура жолмен тепе-теңдікті сақтап жүру Секіру, жүгіру дағдыларын жетілдіру, зейінділікке, төзімділікке тәрбиелеу* ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу* *Шеңбермен жүру,жүгіру.* *Әр түрлі қимылдар жасап жүру.* *4 қатарға сапқа тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:Таяқшамен жаттығу*** *1.Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ..5-6 рет.* *2.Таяқшаны екі қолмен*	*Балықтар қай жерде тіршілік етеді ?(Өзен , көл , мұхит).* *Балықтың денесі немен қапталған?* *Балалар балықтарды адамдар не үшін пайдаланады? Қандай тағамдар жасауға болады?* ***Аквариуммен танысу және ішіндегі балықпен таныстыру.*** *Балалар, акварумдағы балықтардың түрлері қандай екен?* *- Мына үлкен балықтың түсі қандай?* *- Бұл балық «Алтын балық» деп аталады.* ***Ендеше балалар осы балықтың суретін салайық.*** *Ендеше суретті салмас бұрын, сергіп алайық* ***Сергіту сәті.:*** *Суда жүзді балық,* *Кетпейді ол батып.* *Алға, оңға,солға* *Жүзер ізін салып.* *Қайталаймын қимылын.* *Тоқта,алтын балық!* ***Топқа бөлу.*** *1-топ балықты мақталы таяқшамен бояйды.* *2-топ балықты саусақ арқылықабыршықтарын бояйды.* *Балалардың жұмыстарын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды.***	 ***Қорытынды.*** *- Шартты өлшеуіштердің көмегімен не істеуге болады?* *- Оны біз қандай мысалдар арқылы тексердік?* *Балаларды мадақтау.* ***2 Қоршаған ортамен таныстыру.*** ***Тақырыбы:*** *«Ұлттық киім мен әшекейлер»* ***Мақсаты:*** *Балаларды ұлттық киімді, тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен таныстыруды жалғастыру.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Күн сәуле шашқаның үшін рахмет!* *Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет!* *Аспан таза ауаң үшін рахмет!* *Ағаш көлеңкең үшін рахмет!* ***Сұрақ-жауап.*** *- Балалар бүгін аптаның қай күні?* *-Ал қазір жылдың қай мезгілі?* *-Көктем айларын кім біледі?* *-Қазір қай ай?* *-Бүгін ауа-райы қандай?* *-Бүгін сендер балабақшаға қандай киімде келдіңдер?*	*ұсынады. Суға қант қосып, дәмінде өзгертуге болады. Балалар өз ойларын айтады, неліктен судың дәмі өзгергендігін.* ***III Тәжірибе «Судың иісі жоқ»*** ● *Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету керек. Балалар екі ыдыстағы судың айырмашылықтарын айтады.* ***4.Сергіту сәті*** *Ал, балалар тұрайық,* *мойнымызды бұрайық,* *Қолымызды созайық, су ішінде қалықтап,* *Қане, жүзіп алайық,* *Оңға бір, солға бір қарап,* *денемізді бұрайық.* ***5.Дидактикалық ойын: «Табиғат аясында»*** *Шарты: Балаларды екі топқа бөліп, алдарына бір бірден А4 қағазы мен қоса түрлі түсті қима суреттерді беремін. Сол суреттер арқылы балалар өз еріктері бойынша қандайда бір композиция құрап, дайын болған бейнені әңгімелеп берулері керек. Яғни, сурет бойынша жұмыс жасайды.* 6. ***Қорытынды:*** *Сонымен балалар, бүгін не туралы әңгімелестік?* *Су қайдан пайда болады екен?* *Сендермен бірге қандай тәжірибелер жасадық?* *(балалар жауаптары)*	*Біз кішкентай баламыз,* *Өсіп-өніп толамыз.* *Күнге қарай талпынып,* *Көкке қолды созамыз.* *Қанат қағып ұшамыз,* *Қарлығаштай самғаймыз.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды.*** *Кәне, балалар , жасаған жұмыстарымызды ұлттық бұрыштағы көрмеге апарып қояйық.* *Балалардың жұмысын мадақтау .* *Әжемен қоштасып балабақшаға оралу.* ***Сұрақтар ілмегі*** *арқылы қорытындылау.* *-Сандықты неден жасайды?* *-Ол сандықты не үшін қолданамыз?* *-Үйлеріңде сандық бар ма?*

	алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға ұстау.Б.қ 5рет *3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею.Түзулену.5-6рет* *4.Аяқты алшақ созып отыру.* *Таяқшаны созу аяқ ұшына тигізу* *5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.* ***Тыныс алу.** Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1.Скамейка үстінен жүру.* *2.Құм салынған қапшық-ты баска қойып жүру.* ***Қимылды ойын:*** ***«Көжектер мен түлкі»*** *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды:*** *Балаларды мадақтау.*	*Жұмысты аяқтағандар,балықтарын аквариумға әкеледі. (екі жақты скоч жабыстырылған ватманда аквариумда балықтар орналасады).* *Балаларды мадақтау.* ***3.Дене шынықтыру.*** ***Тақырыбы.** Үлкен допты алысқа лақтыру* ***Мақсаты.** Сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын қалыптастыру. Затты алысқа лақтыруға үйрету. Секіру, жүгіру дағдыларын жетілдіру, зейінділікке, төзімділікке тәрбиелеу* ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу* *Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. «Үйректің балапаны» - кеудені алға қарай еңкейте отырып, өкшемен жүру.* *«Түйеқұс» - тізені жоғары көтере жүру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** ***1.** Аяқтары алшақ қойылған , орамал қолда. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. /6 рет қайталау/* ***2. -** Аяқтары алшақ қойылған , орамалды белге ұстап, денені жан - жаққа бұрады**.** /6 рет қай/	*Балалардың жауаптары.* *Ал біз қай мемлекетте тұрамыз?* *Қазақстанда қандай ұлттар тұрады?* ***Тосын сәт.*** *Қуыршақ Айгүл келеді.* *Балаларды ұлттық киімдер көрмесінен тамашалауға шақырады.* *-Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер?* *Бұл көрмеде әртүрлі ұлттардың киімдері бар екен.* *Қандай киімдер көріп тұрсыңдар?*   ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрамыз,* *Алақанды ұрамыз.* *Бір отырып, бір тұрып,* *Тез шынығып шығамыз.* ***Дидактикалық ойын.*** ***«Кімнің заты ажырат»*** ***Шарты:**Әйел адамдарға арналған заттарды қызыл түспен, ер адамдарға арналған заттарды көк түспен бойды.* *Қорытынды.* *Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.*	*Балаларды мадақтау.* *Жұлдызша тарату.* ***2. Тапқыштар (в)*** ***Тақырыбы.** Не неге ұқсайды.* ***Мақсаты:** Геометриялық денелердің аттауларымен таныстыру заттардың белгілері.қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғымын қалыптастыру.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Амансың ба Жер ана!* *Амансың ба Көк аспан!* *Амансың ба Достарым!* *Сендерді көрсем қуанам!* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Музыка ойналады* *-Балалар, міне керемет. Сендер не байқап тұрсыңдар. Мынау не?* *-Балалар шарлардың түсі қандай?* *Қызыл, сары, жасыл.* *-Жарайсыңдар байқадыңдар ма бұл шарлар сиқырлы.* *-Балалар шарлар қай жерде тұр?* *-Біз оны қалай алсақ болады екен?* *Мүмкін сиқырлы шарларға санамақ айтып көрсек қайтеді.* ***Санамақ*** *Бір дегенім бесік, шықтық одан өсіп.* *Екі дегенім елім, далам туым көгім.* *Үш дегенім үміт, үміт артар жігіт.*	

		3. *Денені тік ұстау. Орамал қолда. Түлкінің жүрісін салу. /5р/* ***4.*** *Тік тұрып, аяқты иық деңгейіне қояды, орамалды жоғары көтеріп, саусақтарды айқастырады, 1 - есебінде денені еңкейтіп, қолды солға бұрады, 2 - дене мен қолды алға еңкейтеді, 3 - оңға, 4 - артқа. (қолды желкеге қоюға болады)* ***5.*** *Тік тұрып, аяқты бірге ұстай-ды, денені солға еңкейтеді, оңға дәл осылай екінші аяқпен жасалады. /6 рет қайталау./* ***6.*** *Аяқты біріктіріп ұстау. Орамал белде оң және сол аяқпен секіру . /10-15секунд/* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1. Затты алысқа лақтыру* *2.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу* ***Қимылды ойын.*** *«Ақ терек, көк терек»* *Ойын шартын түсіндіру.* ***Қорытынды:*** *Балаларды мадақтау.*	*Балаларды мадақтау* ***3.Өнерлі екен он саусқ (в)*** ***Тақырыбы.****Алма* ***Мақсаты.*** *Қағазды бүктеу арқылы алма жасауды үйрету.Бүктеген жерге ұқыпты желім жағуды үйрету.Тазалыққы тәрбиелеу.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Кел,балалар,күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек!* *Көңілді болып жүрейік!* ***Миға шабул*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Әрі қызыл ,әрі тәтті* *Татқан жанды таңырқап* *Балалардың жауаптары.* ***Суртпен жұмыс.*** *Балалар сендер қалай ойлайсыңдар алма қайда өседі?* *Алма көкөніс пе әлде жеміс пе?* *-Балалар алманың түсі қандай болады?* *-Пішіні қандай?* *-Алма қай мезгілде піседі?* ***Тосын сәт.*** ***Кірпі келеді.*** *Балалардан көмек сұрайды. Үйіне қонақ келе жатырған алма керек екенін айтады.* *Балаларды топқа бөлу.* *1-топ.* *Шаршының бұрыштарын қиып,дөңгелек шығарып қағазға желімдейді.* *2-топ.*	*Төрт дегенім бақыт, бағалайтын уақыт.* ***Музыка әуенімен шарлар төменге түседі.*** *-Балалар сиқырлы шарлармен бірге тапсырма келген екен. Тапсырмаларды орындаймыз ба?* ***1-тапсырма.*** *Мынау қандай пішін? (дөңгелек)* *-Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атандаршы?* *Балалар жауабы (* *Доп не істейді?* *Келесі пішін ол не? (үшбұрыш)* *Үшбұрышқа ұқсайтын заттарды атадаршы. (кеме, шатыр, жалау)* *Кеме қайда жүзеді?* *Келесі қандай пішін? (төртбұрыш)* *Осы пішінге ұқсайтын заттарды атау. (телидидар, есік, терезе)* *Телидидардан не көресіңдер?* *-Тамаша, сиқырлы шарлардың тапсырмасын жақсы орындадық.* ***2-тапсырма.*** *Ал, енді балалар мен сендерді үстел басына шақырамын. Сиқырлы шарлардың дайындаған ойыны бар екен.* ***Ойын «Геометриялық пішінге қарай заттарды топтастыру»(пазла)*** *Балалар тапсырманы орындайды.* ***3-тапсырма.*** ***«Кім тапқыр?»дидақтикалық***	

			Жырту тәсілі арқылы алманы жапсырады.  ***Сергіту сәті.*** *Жалғыз саусақ тіпті де* *Ұстай алмас жіпті де.* *Екі саусақ бірікті,* *Ине қолға ілікті.* *Үш саусағым орамды,* *Жүгіртеді қаламды.* *Өнерлі екен он саусақ:* *Қала салсақ, жол салсақ.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек жүргізу.* *Қорытынды.* *Балалардың жұмысын қорытындылау.* ***Галерия шарлау әдісі.*** *Кірпі балалардың жасаған жұмыстарына қуанып рахмет айтып қоштасады.* ***Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау.*** *Қонаққа не келді?* *Кірпіге не жасап бердік?* *Мадақтау.*	***ойыны.*** *Балалар топ бөлмесінін ішінен Пішіндерге ұқсас заттарды табу.* ***Сергіту сәті.*** *1 дегенде тұрайық,* *2, 3, 4 - алақанды соғайық,* *Оң жаққа бұрылып,* *Сол жаққа бұрылып,* *Бір отырып, бір тұрып,* *Біз жүгіріп алайық.* *5 дегенде асықпай,* *Орнымызды табайық.* ***4-тапсырма.*** ***«Пішіндерді боя» дидактикалық ойыны:*** *Шарты. Балалар тақтадағы пішіндердің түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.* ***5-тапсырма.*** ***«Қандай пішін шықты?»*** ***Шарты.*** *Таяқшалардан таныс пішіндерді құрастырады.* *Балалар тапсырмаларды орындайды.* *Мадақтау.* ***Қорытынды..*** *Сұрақ қоя отыры қортындылау.* *Белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.* *Балаларға жұлдызша беру.* . ***3.Дене шынықтыру.*** ***Тақырыбы.*** *Үлкен допты алысқа лақтыруды қайталау* ***Мақсаты.*** *Сапта жәй жүру және жүгіру, сигнал бойынша отырып-тұру дағдыларын қалыптастыру. Затты алысқа*	

				лақтыруға үйрету. Секіру, жүгіру дағдыларын жетілдіру, зейінділікке, төзімділікке тәрбиелеу ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу* *Шеңбермен жүру,жүгіру.* *Шеңбер бойымен тұру.* *Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *1. Тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2 есебінде басты оңға қарай,* *3 - 4 есебінде солға бұру керек. (4 рет қайталау)* ***2.** Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /4 рет қайталау/* ***3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу.* ***4**.Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, 1- оңға бұрылу, 2- б.қ.* *3- солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «қақпа ашылды» деп айту .* ***5.** Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/* *Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1.Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.* *2. Затты алысқа лақтыру.*	

Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Серуен № 15*** *Бақылау. Аспанды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 18*** *Бақылау: Күннің көзін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 16*** *Бақылау. Транспортты бақылау* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 3*** *Бақылау. Қараторғайды бақылау* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 7*** *Бақылау. Құстарды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***
Серуеннен оралу	*Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау*				
Түскі ас	*Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу*				
Ұйқы	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	***Жаттығу кешені*** *№12.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Созылу.*	***Жаттығу кешені*** *№10.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Мысықтар*	***Жаттығу кешені*** *№16.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Созылу.*	***Жаттығу кешені*** *№18.Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу.* *(Нүктелі массаж)*	***Жаттығу кешені*** *№10Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Мысықтар* *Картотека қосымша тіркелген*
	ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Картотека № 4*** ***«Заттық фриздер»*** ***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.*	***Картотека №6*** ***«Табиғат құбылыстарын ажырат»*** ***Мақсаты:*** *Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.*	***Картотека №9*** ***«Үй жануарлары»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.*	***Картотека №16*** ***«Ненің баласы?»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.*	***Картотека № 20*** ***«Көп және біреу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.*
	ТАНЫМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тіркелген				
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Серуен № 15*** *Бақылау. Аспанды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 18*** *Бақылау: Күннің көзін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 16*** *Бақылау. Транспортты бақылау* ***Картотека қосымша***	***Серуен № 3*** *Бақылау. Қараторғайды бақылау* ***Картотека қосымша***	***Серуен № 7*** *Бақылау. Құстарды бақылау.* ***Картотека қосымша***

			тіркелген	***тіркелген***	***тіркелген***
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата аналармен балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.*	*Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу.*	*Ата аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.*

ЦИКЛОГРАММА
IY апта Наурыз айы 2021ж
Ересек «Балауса» тобы

Өтпелі тақырып. «Салттар мен фольклор»
Тақырыпша.«Нұр төккен,гүл көктем»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі 25.03***	***Жұма 26.03***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25				***Картотека №3 «Суреттерді орналастыр»*** ***Ойынның мақсаты:*** *заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.*	***Картотека №7 «Кеңістік»*** ***Мақсаты****: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.*
	МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ ОЙЫН КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген				
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Наурыз айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас 8.30-9.00.	*Ойын- жаттығу . «Таза қолдар».* *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* *Кун шуағын шашады,* *Жауын да жауып алады.* *Көктем келіп жеткенде,* *Ағаштар бүршік жарады.*				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 9.20-.10.00				***1. Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Көктем келді аулама* ***Мақсаты:*** *Балаларды қоршаған ортамен таныстыру. Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.Табиғат сұлулығын сезіне білуге,табиғатты аялауға тәрбиелеу.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Балалармен амандасу*** ***2.Өлең оқу.*** *Көктем келді шуақты,* *Балаларды қуантты.* *Алақай-ау, алақай!* *Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты.* *Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты.* *Алақай-ау, алақай!* *Көктем қандай, көктем қандай көрікті!* ***3.Ой қозғау*** ***Сұрақтар қою*** *-Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған?* *-Оны қандай белгілері арқылы білдіңдер?* ***Мнемотехника*** ***4.****Балаларды терезе алдына шақырып, даладағы өзгерістер туралы әңгімелеулерін сұрайды. Табиғаттағы өзгерістер туралы толықтыру. Балаларға сұрақтар қою.* *- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *- Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап беріңдер? Қазір*	***1 Орыс тілі*** *Педагог жоспары бойынша* ***2.Жапсыру*** ***Тақырыбы:*** *«Гүл салынған құмыра»* ***Мақсаты:*** *Екі бүктелген қағаздан әртүрлі бейнелерді-жапырақтарды , гүл жапырақшаларын қиып алу тәсілдерін үйрету. Әр түрлі тәсілдерді қолданып, бірнеше бөлікте тұратын зат құрастыру дағдыларын дамыту.* ***«Тілек шоғы» жылулық шеңбері.*** *Балалар бір-біріне гүл беру арқылы тілек айтады.* ***Тосын сәт:*** *Қолында гүлі бар әже келеді.* *Балалар әжемен амндасады.* *Әже.Бүгін менің немерем Әселдің туған күні еді маған сыйлық жасап беруге көмектесіңдер ма? Балалар көмектесетіндерін айтады.* ***Сергіту сәті.*** ***Топқа бөлу.*** *Шаршағанда ырғалып,* *Гүлге ұқсап дем алам.* *Қанатымды бір қағып,* *Гүлдей болып жайқалам.*

				қандай ай? *- Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді? (тырналар, қарлығаштар, қарғалар, сары шымшық)* *-Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады? (бәйшешек,қызғалдақ)* *- Көктемде қандай жұмыстар жасалады?* *(Көктемде ауланы, көшелерді тазартады, ағаштардың түбінің топырағын қопсытады, ағаштарды әктейді, құстарға ұя жасайды, ағаштар егеді)* *- Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік?* ***5.слайд. Көктем мезгілі.***  *- Балалар осы суретімізге ат қояйықшы, қандай ат қойғыларың келеді?* ***6.Ойын: «Жер, су, ауа»*** *«Жер» десе, допты қағып алған бала бір үй жануарын немесе жабайы аңның аты айтады.. «Ауа» дегенде бір құс айтылуы тиіс. Ал «Су» дегенде суда жүзетін құстың, көліктің атын айтуы керек.* ***7. Бақылау .*** *Даладан ағаш бұтақтарын алып келгенін көрсету.*	***1-топ****жұмыртқа салатын қорап,түтікше және гүлдің қиындылары арқылы,Гүлді құрастырады.* ***2-топ*** *дайын қиылған гүлді құмыра жасап жапсырады.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды.*** *Балалардың жұмысын қорытындылау.* *Көрме ұйымдастыру.* *Әже балалардың жұмыстарын мадақтайды.* *Балалар әжеге жасаған гүлдерін береді.* *Рахмет айтып қоштасады.* *Балаларды мадақтау.*

				Балаларға мұқият қарауға ұсыныс тастау. Бұтақтарда бүршіктер пайда болғанын және даладағы ағаштардың да бұтақтарында осындай бүршіктер тұрғанын айту. Бұтақтарды ыдысқа салып, оған су құйып күнделікті осы күннен бастап бұтақтарды бақылайтындарын айтады. ***6.Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* ***2.Тапқыштар (в)*** ***Тақырыбы.*** *Бауырсақтың тапсырмалары****Мақсаты.*** *сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау.Ойын, зейінін дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер.*** *Дос болайық бәріміз* *Жарасып тұр әніміз* *Тыныштықты сақтаймыз* *Атсын күліп таңымыз.* ***Сұрақ – жауап .*** *- Жылдың қай мезгілі?* *- Көктем айларын атаймыз?* *- Қазір қай ай?* *- Бір аптада неше күн бар?* *- Бүгін қай күн?* *Балалардың жауаптары.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Бауырсақ келеді.*** *Балаларға тапсырма әкеледі. Балалар жапырақ түстері бойынша 3 топқа бөлініп отырады.* ***1-топ жасыл түсті жапырақ тобына тапсырма.***	

				1-5ге дейін тура және кері санау. ***2-топ сары түсті жапырақ тобына тапсырма.*** *.Әр-түрлі пішіндерден бейнелер құрастыру.* ***3-топ қызыл түсті жапырақ тобына тапсырма.*** *Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.*  *Балаларды мадақату.* ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрамыз,* *Алақанды ұрамыз.* *Бір отырып, бір тұрып,* *Тез шынығып шығамыз.* ***Бауырсақтың сұрақтары.*** ***«Кім тез айтады» ойын.*** *1. Екі қоянда қанша құйрық бар?* *2. Шеңберде неше бұрыш бар?* *3. Таңертең балалар ұйықтайды?* *4. Жазда қар жауады?* *5. Үстелде неше аяқ бар?* *6. Күндіз ай жарық шашады* *7. санамақ білесіңдер ме?* *8. 1-5ке дейін тура және кері санай аласыңдар ма?* ***Қорытынды.*** *Бауырсақ балаларды мадақтап сыйлыққа көңілді смайлктер береді.* *Балаларды мадақтау.* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Көлбеу қойылған*	

				тақтай үстімен жүріп өту ***Мақсаты.*** *Сапта тізбектеліп жүруге, жыланша ирелеңдеп жүруге және жүгіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру* ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу* *Сапта тізбектеліп жүру, жыланша ирелеңдеп жүру және жүгіру.* *Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Жалаушамен жаттығу»* *1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)* *2. Бір қатардан екі қатарға тұру.* *3. Жалаушамен жаттығу.* *1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.* *2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.* *3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу.*	

				4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. *5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.* *6.Б.қ жалау кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. Заттардың арасымен допты домалату.* *2. Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп* ***Қимылды ойын:*** *«Тауық қорадағы түлкі»* *Ойын шартымен таныстыру.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.*	
Серуенге дайындық 10.00-10.20	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен: 10.20-12.10				***Серуен № 18*** *Бақылау: Күннің көзін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 20*** *Бақылау. Жаңбырды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***
Серуеннен оралу 12.10-12.30	*Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау*				
Түскі ас 12.30-13.00	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.*				
Ұйқы13.00-15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-				***Жаттығу кешені*** *№22.Балалар ұйқыдан оянады. Картотека қосымша тігілген*	***Жаттығу кешені*** *№26.Асығыңдар жаттығуға. Картотека қосымша тігілген*

тыру шаралары 15.10-15.40	***ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)***				
Бесін ас 15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдар* *Жерде жатса баспаңдар* *Теріп алып қастерлеп* *Торғайларға тастаңдар*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.30				***Картотека № 16*** ***«Үй жануарлары*** *Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.*	***Картотеа № 15*** ***«Балабақша»*** *Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.*
	ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)				
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен 16.50-17.40				***Серуен № 18*** *Бақылау: Күннің көзін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 20*** *Бақылау. Жаңбырды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН . ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.				
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30			.	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Мамандық туралы тақпақ жаттау. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*

ЦИКЛОГРАММА

V апта. Наурыз айы 2021ж.

Ересек «Балауса» тобы


Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Тақырыпша.«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 29.03***	***Сейсенбі 30.03***	***Сәрсенбі 31.03***	***Бейсенбі 01.03***	***Жұма 02.03***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)-8.25	***Картотека №2*** ***«Не қайда тұрады?»*** ***Мақсаты:*** *Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту*	***Картотека №4*** ***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»*** ***Ойынның мақсаты****: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.*	***Картотека №5*** ***«Кім не жейді?»*** ***Мақсаты:*** *Логикалық ойлауды,сөйлеуді, талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту*	***Картотека №10*** ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*	***Картотека № 12*** ***«Телефон»*** ***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.*
	ҚАТЫНАС БІЛІМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)				
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Наурыз айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.***				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9-20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* ***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** *Төрт түліктің пірін ата?* *1) Түйе атасы –Ойсыл қара* *2) Жылқы атасы- Қамбар ата*				

	3) Сиыр атасы- Зеңгі баба *4) Қой атасы- Шопан ата*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 9.20-10.00	***Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *«Наурыз көктем»* ***Мақсаты:*** *Наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, өмірінде болған оқиғаны еске түсіру арқылы әңгімелеуге үйрету.* ***Оқу қызметінің барысы:Шаттық шеңбер*** *Ал балалар тұрайық,* *Үлкен шеңбер құрайық.* *Уықтарша иіліп,* *Қазақ үйді құрайық.* *-Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге ыстық лебіздерімізді арнайық.* *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *Көктем мезгілінің қай айы?* *Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды?* ***Мнемотехника*** *« Көктем»* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Топқа Тазша бала келеді. Тәрбиешімен, балалармен амандасады.* *Тазша: - Балалар, елге көктем келді, Наурыз мерекесі жақындады..* *Наурыз мерекесі туралы сендер не білесіңдер?* *Балалар Тазша балаға наурыз мерекесі туралы слайд көрсетейік.* ***АКТ технологиясы*** *«Наурыз» мейрамы.*	***Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Бесік жыры»* ***Мақсаты:*** *Шағын әңгімелер құрастырып, ойында әдеби бейнелерді қолданады.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Білер қазақ баласы* *Сәлем – сөздің анасы!* *Алдымыздан кезіккен,* *Көп таныстыкөреміз.* *Бәріне де изетпен* *Біздер сәлем береміз!* ***Балалармен әңгімелесу.*** *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *— Көктем айларын атаңдаршы?* ***Мнемотехника*** *«Көктем» мезгілі.* *Балалардың жауаптары.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Хатшы хат әкеледі.* *Хатты оқу.* *Балалар хатта ауылдағы әже қонаққа шақырып жатыр.немересін бесікке салайын деп жатыр екен.* *Сиқырлы кілемшемен әже ауылына бару.* *Әже балаларды қарсы алады.*	***1. Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *Геометриялық пішіндер* ***Мақсаты:*** *Балаларға өздеріне таныс дөңгелек, шаршы және үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір бірінен ажырата білуге үйрету.Ой қабілеттерін дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Армысың, алтын күн!* *Армысың, көк аспан!* *Армысың, жер ана!* *Армысың, жан досым!* ***Жұмбақ жасыру:*** *Қар мұз еріп су көбейіп,* *Сай -салаға толады,* *Бүршік шашып, жапырақ ашып.* *Жер гүл моншақ тағады.* *Бұл қай кезде болады?* *Көктем мезгілінде неше ай бар?* *Оларды атау.* ***Тосын сәт. Хатшы хат әкеледі.*** *Балалар бізді көктем ханшайымы қонаққа шақырды. Барамыз ба?* ***Ой қозғау.*** *-Немен барамыз?* *Балалардың жауаптары.* *- балалар, біз көктем ханшайымына ерекше көлікпен барамыз, қандай көлік екенін білгілерің келе ме?* *- Біз сиқырлы кілеммен барамыз* *Кілемді балаларға көрсету.* *Ой-ой балалар кілем тесіліп қалыпты* *Біз бұлай ұша алмаймыз Олай болса балалар бәріміз бірігіп кілемді дұрыстайық қараңдаршы бұл тесіктер.Неге ұқсайды?* *Дұрыс , олай болса кілемді*	*1.****Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Қазақстанның Қызыл кітабы* ***Мақсаты:*** *«Қызыл кітапқа» енгізілген және жойылып кету қаупі төнген жануарларды атау. Табиғатта өзін ұстау ережесін білуге баулу.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбері*** *- Армысыз, қайырлы Күн!* *- Армысыз, Аспан ата!* *- Армысыз, мейірімді Жер-Ана!* *- Армысыз, шұғылалы Алтын күн!* ***Тақпақ оқу*** *«Қызыл кітап» шындықты Айтуға да арналған.* *Жою керек сұмдықты,* *Жойылмасын бағалы аң.* *Қорғау керек аңдарды* *Бара жатқан сиреп көп.* *«Қызыл кітап» ал мына Жұртты соған үйретпек.* *-өлеңде қандай кітап туралы айтылған?* *- Қызыл кітап деген не?* *- Ол не үшін қажет?* *-Қызыл түс нені білдіреді?* ***Қызыл кітап туралы түсінік беру:Бейнефильм көрсету.***  *- Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан- жылға азайып не жойылып бара*	***1.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***2. Мүсіндеу.*** ***Тақырыбы:*** *«Торсық»* ***Мақсаты:*** *Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту, саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша мүсіндеу дағдыларын бекіту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***1.Шаттық шеңбер.*** *Көтеріліп шаңырақ,* *Уықтары шаншылар.* *Керегелер керіліп,* *Өрімдей боп өрілер.* *Бәріміз жүрсек айналып,* *Киіз үй боп көрінер.* *Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.* *Балаларды ойын ойнауға шақыру.* ***«Сиқырлы дорба» ойыны.*** *(Сиқырлы дорба ішінде Ыдыс-аяқтар: кесе, ожау, табақ, торсық)* *Ойын шарты.* *Балалар әр затты мұқият қарап шығып,олардың атын*

